

Кітап арқылы ашылған сырлы әлем

Байғұл ауылдық кітапханасында «Кітап арқылы ашылған сырлы әлем» атты акция ұйымдастырылды. Кітап – адамзат баласының сан ғасырлық ақыл-ойының, оқу арқылы жетілуінің, кемелденуінің арқасында қол жеткен қазынамыз. Акция барысында жас оқырмандарымызға білімнің кітап арқылы берілетінін, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндірме жұмысы жүргізілді. Шараның қызықты өтуі үшін қызықты мәліметтермен, шарлар, әр түрлі суретті кітапшалармен, безендіріліп, қызықты ойындар ұйымдастырылды. «Кітап - алтын қазына» демекші кітапты қадірлейік, серігімізге айналдырайық.

**Жүкен Жанат,
Байғұл ауылдық кітапхана кітапханашысы**